**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2026 жылдың**
**бірінші жартыжылдық есебі**

Астана, 2026 жыл

## «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың жартыжылдық есебі

## Негізгі қаржылық және операциялық көрсеткіштер

2025 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы негізгі қаржылық көрсеткіштер[1]:

- Түсім 4 500 млрд теңгемен (8 789 млн АҚШ долл.) салыстырғанда 5 568 млрд теңгеге (11 452 млн АҚШ долл.) құрады;
- EBITDA көрсеткіші 1 142 млрд теңгемен (2 230 млн АҚШ долл.) салыстырғанда 1 655 млрд теңгені (3 405 млн АҚШ долл.) құрады;
- Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесін қоса алғанда, Компанияның таза пайдасы 534 млрд теңгемен (1 044 млн АҚШ долл.) салыстырғанда 904 млрд теңгені (1 859 млн АҚШ долл.) құрады;
- Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесіне түзетілген таза пайда[2] 660 млрд теңгемен (1 289 млн АҚШ долл.) салыстырғанда 867 млрд теңгені (1 783 млн АҚШ долл.) құрады;
- Бос ақша ағымы 682 млрд теңгемен (1 331 млн АҚШ долл.) салыстырғанда 765 млрд теңгені (1 573 млн АҚШ долл.) құрады;
- Жалпы қарыз 2025 жылғы 31 желтоқсандағы 3 522 млрд теңге (6 967 млн АҚШ долл.) деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 2026 жылғы 30 маусымда 3 411 млрд теңгені (7 096 млн АҚШ долл.) құрады;
- Компанияның таза қарызы 2025 жылғы 31 желтоқсандағы 375 млрд теңге (742 млн АҚШ долл.) деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 2026 жылғы 30 маусымда 983 млрд теңгені (2 046 млн АҚШ долл.) құрады.

| Көрсеткіштің атауы | Өлш. бірл. | 6А 2026 | 6А 2025 | % |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай, Dated Brent [3] | $/барр. | 92,31 | 71,87 | 28,4% |
| Мұнай, KEBCO[3] | $/барр. | 92,44 | 72,83 | 26,9% |
| Орташа бағам | теңге/ АҚШ долл. | 486,20 | 512,05 | -5,0% |
| Түсім | млрд теңге | 5 568 | 4 500 | 23,7% |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес | млрд теңге | 537 | 349 | 53,9% |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд | млрд теңге | 500 | 474 | 5,4% |
| Таза пайда | млрд теңге | 904 | 534 | 69,1% |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың | млрд теңге | 867 | 660 | 31,4% |

[1] Қолайлы болу үшін сомалар тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы бойынша АҚШ долларында көрсетілген (2026 жылдың 1-жартыжылдығындағы және 2025 жылдың 1- жартыжылдығындағы орташа бағам сәйкесінше 486,20 және 512,05 теңге/АҚШ долл. құрады; кезең соңындағы бағам – 2026 жылғы 30 маусымда және 2025 жылғы 31 желтоқсанда сәйкесінше 480,72 және 505,53 теңге/АҚШ долл. құрады).

[2] Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлеске түзетілген таза пайда = Таза пайда плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер минус бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес.

[3] Дереккөз: S&P Global Platts.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| пайдасындағы үлеске түзетілген таза пайда | | | | |
| EBITDA[4] | млрд теңге | 1 655 | 1 142 | 45,0% |
| EBITDA түзетілген көрсеткіші[5] | млрд теңге | 1 619 | 1 267 | 27,7% |
| Күрделі шығындар (есептеу әдісі бойынша) | млрд теңге | 256 | 259 | -1,4% |
| Күрделі шығындар (кассалық әдіс бойынша) | млрд теңге | 422 | 262 | 61,0% |
| Бос ақша ағымы[6] | млрд теңге | 765 | 682 | 12,2% |
| Жалпы қарыз[7] | млрд теңге | 3 411 | 3 522[8] | -3,2% |
| Таза қарыз[9] | млрд теңге | 983 | 375[8] | 162,2% |

2025 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы негізгі өндірістік көрсеткіштер[10]:

- Мұнай және газ конденсатын өндіру былтырғы осындай кезеңдегі 13 043 мың тоннамен салыстырғанда 12 437 мың тоннаны құрады;
- Мұнай тасымалдау көлемі 4,0% ұлғайып, 43 280 мың тоннаға жетті;
- Қазақстанның және Румынияның мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын (КСШ) өңдеу көлемі былтырғы осындай кезеңдегі 10 375 мың тоннамен салыстырғанда 10 215 мың тоннаны құрады.

| | **6А 2026 (ҚМГ үлесі)** | **6А 2025 (ҚМГ үлесі)** | **%** |
|---|---|---|---|
| Өндіру: | | | |
| Мұнай және конденсат, мың тонна | 12 437 | 13 043 | -4,6% |
| Газ, млн м³ | 5 457 | 5 726 | -4,7% |
| Мұнай тасымалдау, мың тонна | 43 280 | 41 616 | +4,0% |
| Мұнай өңдеу, мың тонна | 10 215 | 10 375 | -1,5% |
| Қазақстандық МӨЗ-де жеңіл мұнай өнімдерін шығару, % | 78,8% | 76,6% | +2,2% |

## Компания туралы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (ҚМГ, Компания) – Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден

[4] EBITDA = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто, минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығыстар минус тасымалдау және сату жөніндегі шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар.

[5] EBITDA түзетілген көрсеткіші = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығыстар минус тасымалдау және сату жөніндегі шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар.

[6] Бос ақша ағымы = операциялық қызметтен алынған таза ақша ағымы минус негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау және бағалау активтерін сатып алу. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер операциялық қызметтен алынған ақша ағымына енгізілген.

[7] Есепті кезеңнің соңындағы жалпы қарыз = облигациялар плюс қарыздар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

[8] Жалпы қарыз және Таза қарыз 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша көрсетілген.

[9] Таза қарыз = кезең соңындағы облигациялар плюс қарыздар минус ақша қаражаты және олардың баламалары, минус банктік салымдар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

[10] Өндірістік көрсеткіштер бірлескен және қауымдасқан компаниялардағы ҚМГ-ның иелену үлесіне сәйкес және толығымен шоғырландырылған еншілес ұйымдар үшін 100% көрсеткіш көрсетілген. Толық ақпарат 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы өндірістік нәтижелер туралы баспасөз хабарламасында мына сілтеме бойынша жарияланған: https://www.kmg.kz/investors/reporting/

бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтерді ұсынуға дейінгі барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. Компания 2002 жылы құрылып, Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мүддесін қорғайды.
2026 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша ҚМГ акционерлері – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Қор) (67,42%), Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (20,00%), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (9,58%), акцияларының 3% еркін айналымда.
Компания Қазақстанда мұнай өндіру, тасымалдау және өңдеу көлемі бойынша көшбасшылық орнын сақтап қалды.
ҚМГ өзінің қызметі табиғи ресурстарды пайдаланумен тікелей байланысты екенін ұғына отырып, осы ресурстарды ұтымды пайдалану әрі қолайлы қоршаған ортаны сақтау үшін қоғам алдында өзіне қандай жауапкершілік жүктелетінін біледі.

**ҚМГ-ның негізгі активтері:**

- **Барлау және өндіру:** «Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ) – 100%, «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) – 100%, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС (ҚТМ) – 100%, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС (ӨО) – 100%, Доңға[11] – 60%, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ) – 50%, «Қазгермұнай «БК» ЖШС (ҚГМ) – 50%, PetroKazakhstan Inc. (ПҚИ) – 33%, «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) – 50%, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (ҚОА) – 50%, «Урал Ойл энд Газ» ЖШС (УОГ) – 50%, «Теңізшевройл» ЖШС (Теңіз) – 20%, Қарашығанақ[12] – 10%, Қашаған[13] – 16,88%.
- **Тасымалдау:** «ҚазТрансОйл» АҚ[14] – 90%, «Батуми мұнай терминалы» ЖШС – 100%, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС (ҚҚҚ) – 50%, «МұнайТас» СБҚК» ЖШС – 51%, Каспий Құбыр Консорциумы[15] (ККК) – 20,75%, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС (ҚТКФ) – 100%.
- **Өңдеу және маркетинг:** «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (ПМХЗ) – 100%, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (АМӨЗ) – 99,53%, KMG International N.V. – 100%, Rompetrol Rafinare SA (Петромидия және Вега) – 54,62%, «KMG PetroChem» ЖШС – 100%, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» (ПҚОП)[16] – 49,72%, «Caspi Bitum» БК» ЖШС (Caspi Bitum) – 50%, «KC Energy Group» ЖШС – 49%, «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (KPI) – 49,5%, «Силлено» ЖШС[17] – 40%.
- **Басқалары**: «KMG Drilling & Services» ЖШС – 100%, «Oil Services Company» ЖШС – 100%, «Oil Construction Company» ЖШС – 100%, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС – 100%, «KMG Systems & Services» ЖШС – 100%, «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС (ҚазГӨЗ) – 100%, «ҚазРосГаз» ЖШС (ҚРГ) – 50%.
-

## Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша:

Телефон: +7 7172 78 64 34
E-mail: ir@kmg.kz

[11] Dunga Operating GmbH - Доңға жобасындағы 60% үлеске ие шоғырландырылған еншілес кәсіпорын.
[12] «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС – Қарашығанақ жобасында 10% үлесі бар 100% шоғырландырылған еншілес кәсіпорын.
[13] «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК Қашаған жобасында 16,88% үлесі бар шоғырландырылған еншілес кәсіпорын.
[14] «Батуми мұнай терминалы» ЖШС, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС және «МұнайТас» СБҚК» ЖШС-дегі қатысу үлестері «ҚазТрансОйл» АҚ деңгейінде көрсетілген, ол ҚМГ Тобының қаржылық есептілігінде шоғырландырылады. ҚМГ-ның «ҚазТрансОйл» АҚ-дағы үлесі 90%-ды құрайды.
[15] 19% тікелей ҚМГ-ға тиесілі, 1,75% Қазақстан Пайплайн Венчурс КОО арқылы.
[16] 49,72% — Valsera Holdings B.V. компаниясындағы 50% иелік ету арқылы жүзеге асырылатын жанама қатысу үлесі, ол өз кезегінде «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (ПҚОП) компаниясының 99,43%-ына иелік етеді. ПҚОП-қа қатысты Шымкент мұнай өңдеу зауытының өндірістік нәтижелерін бағалау кезінде өндірістегі 50% қатысу үлесі ескеріледі.
[17] 29,9% үлес КМГ-ға тікелей тиесілі, 10,1% — «KMG PetroChem» ЖШС еншілес ұйымы арқылы.

**Жауапкершілік туралы**
Бұл құжат «болжамды мәлімдемелер» болып саналатын немесе солай қарастырылуы мүмкін мәлімдемелерді қамтиды. Бұл болжамды мәлімдемелерді «сенімді», «бағалайды», «күтеді», «болжайды», «ниеттенеді», «мүмкін», «мақсат тұтады», «болады» немесе «тиіс» терминдерін немесе әр жағдайда олардың теріс немесе басқа нұсқаларын немесе ұқсас терминологияны қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, болжамды терминологияны пайдалану арқылы, немесе стратегияны, жоспарларды, міндеттерді, болашақ оқиғаларды немесе ниеттерді талқылау арқылы анықтауға болады. Бұл болжамды мәлімдемелерге тарихи фактілерге жатпайтын барлық мәселелер кіреді. Оларға басқалармен қатар, Компанияның қызмет нәтижелеріне, қаржылық жағдайына, өтімділігіне, перспективаларына, өсуіне, стратегияларына және Компания жұмыс істейтін салаларға қатысты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (Компания) ниеттері, сенімдері және ағымдағы күтулері туралы мәлімдемелер кіреді. Сипаттамасына қарай болжамды мәлімдемелер тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты, себебі олар болуы немесе болмауы мүмкін болашақ оқиғалар мен мән-жайларға қатысты.

Болжамды мәлімдемелер болашақ нәтижелерге кепілдік бермейді және Компанияның қызметінің нақты нәтижелері, қаржылық жағдайы мен өтімділігі, сондай-ақ Компания жұмыс істейтін ел мен салалардың дамуы осы құжатта қамтылған болжамды мәлімдемелерде сипатталғаннан немесе ұсынылғаннан елеулі түрде ерекшеленуі мүмкін. Компания жаңа ақпараттың, болашақ оқиғалардың нәтижесінде немесе басқаша түрде осы құжатта баяндалған кез келген болжамды мәлімдемелерді немесе салалық ақпаратты жаңартуға немесе қайта қарауға ниеттенбейді және ешқандай міндеттеме алмайды. Компания осындай болжамды мәлімдемелерде күтілетін нәтижелерге жететініне қатысты ешқандай мәлімдеме, кепілдік немесе болжам жасамайды.

Бұл құжат сатуға арналған ұсыныс немесе шақыру немесе қандай да бір бағалы қағаздарға жазылуға немесе оларды сатып алуға арналған кез келген ұсыныс жасап, оға шақырмайды және ондағы ешнәрсе қандай да бір келісімшарт, міндеттеме немесе инвестициялық шешім үшін негіз бола алмайды. Бұл құжат қандай да бір бағалы қағаздарға қатысты ұсыныс құжаты емес. Ешқандай мақсатта осы құжатта қамтылған ақпаратқа немесе оның толықтығына, дәлдігіне немесе сенімділігіне сүйенуге болмайды. Осы құжатта қамтылған ақпараттың немесе пікірлердің немесе ұсынылған кез келген басқа ақпараттың әділдігіне, дәлдігіне, толықтығына немесе дұрыстығына қатысты тікелей немесе жанама түрде ешқандай мәлімдеме немесе кепілдік берілмейді және оларды негізге алуға болмайды.

## Мазмұны

Негізгі корпоративтік оқиғалар
Қаржылық нәтижелер
Өндірістік нәтижелер
Негізгі тәуекелдер
Жауапкершілік туралы мәлімдеме
Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп
Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есеп
Қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есеп
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есеп
Шоғырландырылған есепке ескертпелер

## 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы негізгі корпоративтік оқиғалар:

- 2026 жылғы 13 қаңтарда «ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау облысындағы «Жетібай» және «Қаражанбас» мұнай айдау станцияларында экологиялық тәуекелдерді төмендетуге, өнеркәсіптік қауіпсіздікті арттыруға және мұнай тасымалдау жүйесінің сенімді жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған өндірістік инфрақұрылым нысандарын пайдалануға берді.
- 2026 жылғы 2 ақпанда ҚМГ Атырау облысындағы Қаратон Подсолевой учаскесінде терең іздеу ұңғымасының бірінші нысанын сынау жұмыстарының алғашқы нәтижелері шықты. Сынақ кезінде газ ағыны алынды, бұл осы учаскеде көмірсутек бар екенін растайды.
- 2026 жылғы 2 сәуірде ҚР Энергетика министрлігі, ҚМГ және Хорватияның көмірсутек мәселелері жөніндегі агенттігінің (CHA) еншілес компаниясы – GEOENERGIJA RAZVOJ d.o.o. (ГЕОЭНЕРГИЯ) арасында Ақтөбе облысындағы Шығыс учаскесінде көмірсутектерді барлау мен өндіру бойынша келісімшарт жасалды. «Шығыс» жобасы тепе-тең талаптармен іске асырылатын болады, хорват тарапы геологиялық барлау кезеңін толық қаржыландырады.
- 2026 жылғы 23 сәуірде «Самұрық-Қазына» АҚ, ҚМГ және «TotalEnergies» компаниясы Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында Қазақстан Республикасында жалпы қуаты 1 ГВт және қуаты 300 МВт/600 МВтсағ электр энергиясын жинақтау жүйесі бар жел электр станциясын салу жөніндегі «Мирный» жобасын қаржыландыру туралы келісімдерге қол қойды. Инвестицияның жалпы көлемі шамамен 1,2 млрд АҚШ долларын құрайды, нысан 2028 жылдың IV тоқсанында пайдалануға беріледі деп жоспарланған.
- 2026 жылғы 29 сәуірде «Өріктау Оперейтинг» ЖШС (ҚМГ-ның еншілес компаниясы) және «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ Ақтөбе облысындағы Жаңажол мұнай-газ өңдеу кешенінің қуаттарында Өріктау кен орнынан алынатын жылына 1 млрд текше метрге дейінгі шикі газды өңдеу туралы келісімшартқа қол қойды. Өңдеу нәтижесінде 910 млн текше метрге дейін тауарлық газ, шамамен 75 мың тонна сұйытылған көмірсутек газы, 270 мың тоннаға жуық тұрақты газ конденсаты және 32 мың тоннаға дейін түйіршіктелген күкірт өндіру жоспарланып отыр. Шикі газды өңдеуге алғашқы шикізат 2026 жылдың соңына қарай жеткізіледі деп жоспарланып отыр.
- 2026 жылғы 20 мамырда Атырау қаласында «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС филиалының базасында сутегі энергетикасы жөніндегі IV халықаралық семинар аясында Қазақстандағы жасыл сутегі өндіретін толық циклді алғашқы пилоттық жоба іске қосылды: күн электр станциясы филиалды жылыту мен электр қуатымен қамтамасыз ету үшін сутегі өндіретін электролиз қондырғысын қуаттандырады. Сондай-ақ елдің кез келген нүктесінде жасыл және көгілдір сутегінің өзіндік құнын есептеуге арналған ҚР Цифрлық сутегі атласы таныстырылды.
- 2026 жылғы 29 мамырда акционерлердің жылдық жалпы жиналысының (АЖЖЖ) қорытындысы бойынша акционерлер Компанияның дивиденд саясатын басшылыққа ала отырып, 2025 жылғы аудиттелген қаржылық көрсеткіштер негізінде бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін 573,66 теңге деп бекітті, ол 2025 жылғы пайдадан төленеді. Дивидендтер сомасы 350 млрд теңгені құрады.
- 2026 жылғы 22 шілдеде ҚазМұнайГаз Eni S.p.A. энергетикалық компаниясымен бірлесіп, іске қосу-ретке келтіру жұмыстары аясында Жаңаөзен қаласындағы қуаты 120 МВт газ электр станциясынан алғашқы өнеркәсіптік электр энергиясын алды. Жоба ҚМГ-ның төменкөміртекті даму бағдарламасы аясында іске асырылып жатыр және жалпы қуаты 247 МВт болатын Гибридті электр станциясын (50 МВт құрайтын күн электр станциясы

2025 жылғы қыркүйекте пайдалануға берілді; 120 МВт болатын газ және 77 МВт болатын жел электр станциясы) салуды қамтиды.

- 2026 жылғы 23 шілдеде «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС, «KazFoodProducts» ЖШС және американдық Kellogg Brown & Root LLC (KBR) компаниясы Қазақстанда тұрақты авиациялық отын (Sustainable Aviation Fuel, SAF) өндіретін алғашқы зауыт салу жобасы аясында екі келісімге қол қойды: болашақ өндірістің жобалық құжаттамасының базалық пакетін («Process Design Package») әзірлеуге арналған келісім және «Alcohol-to-Jet» процесін қамтитын PURESAF℠ технологиясын пайдалануға арналған лицензиялық шарт.
- 2026 жылғы 18 тамызда «Қаражанбасмұнай» АҚ «Теңіз жағалауы аймағы» учаскесінде 23 жаңа ұңғыманы пайдалануға берді. Жыл соңына дейін учаскеде тағы 45 ұңғыманы бұрғылау жоспарланып отыр, бұл қосымша 50 мың тоннаға дейін мұнай өндіруге мүмкіндік береді.
- 2026 жылғы 18 тамызда «Ембімұнайгаз» АҚ «Қосшағыл» және «Қарсақ» кен орындарының бор көкжиектеріне 3 еңіс-бағытталған ұңғыма (зенит бұрышы 45°-қа дейін) бұрғыланды, бұл дәстүрлі бұрғылау кезінде қолжетімсіз болатын бор шөгінділерінің қиын өндірілетін қорларын тиімді игеруге мүмкіндік берді. Жыл соңына дейін осындай ұңғымалардың саны 8-ге дейін жеткізіледі («Гран» және «Терең-Өзек» кен орындарын қоса алғанда), күтілетін қосымша мұнай өндіру көлемі 5,5 мың тонна болады.

## Қаржылық нәтижелер

**Түсім**

Компанияның 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы түсімі 5 568 млрд теңгені (11 452 млн АҚШ долл.) құрап, 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы көрсеткіштен 23,7% жоғары болды. Түсімнің өсімі қызметтің барлық сегменттерінде байқалды. Оң динамика әлемдік мұнай бағасының өсуі мен KMG International мұнай өнімдерін өткізу бағасының өсуі есебінен қамтамасыз етілді, алайда бұның тиімділігі теңгенің АҚШ долларына қатысты орташа айырбас бағамының нығаюымен ішінара шектелді.

**Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес**

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес 53,9% ұлғайып, 537 млрд теңгені (1 104 млн АҚШ долл.) құрады. Көрсеткіштің өсуі әлемдік мұнай бағасының өсуіне байланысты болды, бұл «Теңізшевройл» ЖШС мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ пайдасындағы үлеске оң әсер етті. Бұл ретте аталған фактор КҚК тарапынан мұнай қабылдаудың шектелуіне, сондай-ақ 2026 жылғы қаңтарда Болашақ кеңейту жобасының нысандарында трансформаторлардың тұтануына байланысты «Теңізшевройл» ЖШС-де өндіру көлемінің төмендеуінен туындаған кері әсерді ішінара өтеді; жобалық өндіру көлемі 2026 жылғы наурыз айының соңында қалпына келді.

**EBITDA**

2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы EBITDA көрсеткіші 45,0% ұлғайып, 1 655 млрд теңгені (3 405 млн АҚШ долл.) құрады. Оң динамика қызметтің барлық сегменттерінде түсімнің өсуіне, сондай-ақ «Мұнай мен газды барлау және өндіру» сегментіндегі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлестің ұлғаюына байланысты болды.

**EBITDA түзетілген көрсеткіші**

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлестің орнына бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд мөлшерін көрсететін EBITDA түзетілген көрсеткіші 1 619 млрд теңгені (3 329 млн АҚШ долл.) құрап, 27,7% өсті.

**Таза пайда**

Компанияның таза пайдасы 2025 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 69,1% ұлғайып, 904 млрд теңгені (1 859 млн АҚШ долл.) құрады. Көрсеткіштің өсуіне сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімнің, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлестің ұлғаюы, сондай-ақ «Негізгі құралдардың құнсыздануы және барлау шығындары[18]» бабы бойынша шығындардың және қаржылық шығындардың төмендеуі ықпал етті.

---

[18] Маңғыстау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары аясында Жаңаөзен қаласының тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның еншілес ұйымы «Ak Su KMG» ЖШС Жаңаөзен қаласында теңіз суын тұщыту зауытын және жеткізуші инфрақұрылымды салуға кірісті. ҚМГ аталған нысанның өтелетін құны нөлге тең деп есептейді және тиісінше, 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде құрылысқа жұмсалған 21 млрд теңге (40 млн АҚШ долл.) сомасындағы шығынның құнсыздануын есепке жазбайды. 2025 жылы зауыт құрылысы аяқталды.

**Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлеске түзетілген таза пайда**

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесіне түзетілген таза пайда 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы 660 млрд теңгеден (1 289 млн АҚШ долл.) 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы 867 млрд теңгеге (1 783 млн АҚШ долл.) дейін, яғни 31,4% ұлғайды.

**Сатып алынатын мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны**

Сатып алынатын мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны 24,4% ұлғайып, 3 019 млрд теңгеге (6 209 млн АҚШ долл.) жетті. Көрсеткіштің өсуі негізінен әлемдік мұнай бағасының қымбаттауы салдарынан KMG International деңгейінде қайта сату үшін сатып алынатын шикі мұнайдың өзіндік құнының ұлғаюына байланысты болды.

**Операциялық шығындар**

Өндірістік шығындар 7,2% өсіп, 813 млрд теңгені (1 673 млн АҚШ долл.) құрады. Өсім негізінен «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС-де ашық теңіздердегі кемелерді қосымша жалдау себебінен қысқамерзімді жалдауға жұмсалатын шығын мөлшерінің ұлғаюымен, сондай-ақ KMG International компаниясындағы көлік шығындарының өсуімен байланысты болды.

Есепті кезеңде тасымалдау және өткізу шығындары 167 млрд теңгені (344 млн АҚШ долл.) құрады, бұл 2025 жылдың осындай кезеңдегі көрсеткіштен 14,9% жоғары. Өсім негізінен мұнай өнімдеріне арналған логистикалық тарифтердің өсуі салдарынан KMG International компаниясының тиеу, тасымалдау және сақтау бойынша шығыстарының ұлғаюымен байланысты болды.

Жалпы және әкімшілік шығындар 96 млрд теңгені (197 млн АҚШ долл.) құрап, 2025 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 1,8% өсті.

Табыс салығынан басқа салықтар 25,5% өсіп, 354 млрд теңгені (728 млн АҚШ долл.) құрады. Бұл көрсеткіштің өсуіне «Ембімұнайгаз» АҚ мен «Өзенмұнайгаз» АҚ-да шикі мұнай экспортына салынатын ренталық салық бойынша шығынның ұлғаюы, өткен кезеңмен салыстырғанда мұнай бағасының жоғары болуы салдарынан «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК деңгейіндегі шығындардың артуы, сондай-ақ ҚМГ Корпоративтік орталығы деңгейінде акциз бойынша шығыстардың ұлғаюы, ішкі нарыққа жеңіл мұнай өнімдерін өткізу көлемінің артуы, сондай-ақ 2025 жылғы 11 мамырдан бастап ҚР-да мұнай өнімдеріне акциздерді есептеу тәртібінің өзгеруі себеп болды.

**Күрделі шығындар**

Есептеу әдісі бойынша күрделі шығындар 1,4% төмендеп, 256 млрд теңгені (526 млн АҚШ долл.) құрады. Көрсеткіштің төмендеуі негізінен «Мұнай мен газды барлау және өндіру» сегментінде күрделі шығындардың азаюымен байланысты болды, бұл 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның еншілес компаниясы «Ak Su KMG» ЖШС-нің Жаңаөзен қаласында теңіз суын тұщыту зауытын және суды жеткізетін инфрақұрылымды салу жобасы бойынша жұмсалған шығындармен түсіндіріледі. Бұл ретте «Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және өткізу» сегментінде есепті кезеңде «Петромидия» және «Вега» зауыттарында жоспарлы ағымдағы жөндеу жүргізілуіне байланысты KMG International есебінен күрделі шығын көлемі ұлғайды.

Кассалық әдіс бойынша күрделі шығындар 61,0% өсіп, 422 млрд теңгені (869 млн АҚШ долл.) құрады. Өсім EPC-шарттар бойынша төленген аванстық төлемдерге байланысты болды:

- «KMG PetroChem» ЖШС — Теңіз кен орнында Газ сепарациялау кешенін (ГСК) және магистральды этан мен пропан құбыржолдары құрылысы жобаларын іске асыру аясында;
- «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС — Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салу жобасын іске асыру аясында.

**Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер**

2026 жылдың бірінші жартысында бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд 5,4% ұлғайып, 500 млрд теңгені (1 029 млн АҚШ долл.) құрады, ал 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында бұл көрсеткіш 474 млрд теңгені (926 млн АҚШ долл.) құраған болатын. Өсімнің негізгі драйверлері «Теңізшевройл» ЖШС-дан алынған дивидендтердің 328 млрд теңгеден (641 млн АҚШ долл.) 441 млрд теңгеге (907 млн АҚШ долл.) дейін ұлғаюы, сондай-ақ «KC Energy Group» ЖШС бен Petrokazakhstan Inc. Тарапынан төленетін дивидендтердің өсуі болды.

**Бос ақша ағымы**

Бос ақша ағымы 2025 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 12,2% ұлғайып, 765 млрд теңгені (1 573 млн АҚШ долл.) құрады. Көрсеткіштің өсуі операциялық қызметтен түскен таза ақша ағымының өсуіне, оның ішінде бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтердің ұлғаюына байланысты болды.

**Қарызды басқару**

**Борыштық жүктеменің көрсеткіштері**

| Көрсеткіштің атауы | Өлш. бірл. | 2026 жылғы 30 маусым | 2025 жылғы 31 желтоқсан | % |
|---|---|---|---|---|
| Облигация | млрд теңге | 2 929 | 3 040 | -3,6% |
| Қарыз | млрд теңге | 482 | 482 | -0,1% |
| **Жалпы қарыз** | **млрд теңге** | **3 411** | **3 522** | **-3,2%** |

*Дөңгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.*

ҚМГ-ның жалпы қарызы негізінен АҚШ долларымен номинацияланған (2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 69%) және 3 411 млрд теңгені (7 096 млн АҚШ долл.) құрады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы деңгеймен салыстырғанда, көрсеткіш теңгемен есептегенде теңгенің АҚШ доллары бағамына нығаюы нәтижесінде 3,2% төмендеді, ал доллармен есептегенде бұрын тартылған қарыздарды игеру есебінен 1,8% өсті.

**Таза қарыз**

Таза қарыз 2026 жылғы 30 маусымда 983 млрд теңгені (2 046 млн АҚШ долл.) құрады, бұл 2025 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда теңгемен 162,2%, ал доллармен есептегенде 175,7% өсті. Көрсеткіштің өсуі таза қарызды есептеу кезінде ескерілетін, негізінен қысқамерзімді депозит түріндегі ақша қаражатының азаюына байланысты болды, бұл негізінен Компанияның «Самұрық-Қазына» АҚ купондық облигацияларын сатып алуымен түсіндіріледі.

**Ақша қаражаты**

**Шоғырландырылған ақша қаражаты мен олардың баламалары, сондай-ақ депозит түріндегі ақша қаражаты**

| Көрсеткіштің атауы | Өлш. бірл. | 2026 жылғы 30 маусым | 2025 жылғы 31 желтоқсан | % |
|---|---|---|---|---|
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | млрд теңге | 1 522 | 1 198 | 27,0% |
| Ұзақмерзімді депозиттер | млрд теңге | 71 | 73 | -3,2% |
| Қысқамерзімді депозиттер | млрд теңге | 835 | 1 875 | -55,5% |
| **Ақша қаражаты мен олардың баламалары, сондай-ақ депозит түріндегі ақша қаражаты** | **млрд теңге** | **2 428** | **3 147** | **-22,9%** |

*Дөңгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.*

Шоғырландырылған ақша қаражаты мен олардың баламалары, оның ішінде депозит түріндегі ақша қаражаты 2025 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 22,9% төмендеп, 2 428 млрд теңгені құрады. Доллардағы көрсеткіш 2025 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда 18,9% төмендеп, 5 050 млн АҚШ долл. құрады.

# Өндірістік көрсеткіштер

## Көмірсутек шикізатын өндіру

ҚМГ-ның мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында 12 437 мың тоннаны (тәулігіне 522 мың барр.) құрады, бұл 2025 жылғы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 4,6% төмен. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі (кері айдау көлеміне дейін) 4,7%, яғни 5 457 млн м³ дейін азайды.

| Мұнай және газ конденсатын өндіру, мың тонна | 2026ж. 6 ай (ҚМГ үлесі) | 2025ж. 6 ай (ҚМГ үлесі) | % |
|---|---|---|---|
| «Өзенмұнайгаз» АҚ | 2 499 | 2 528 | -1,1% |
| «Ембімұнайгаз» АҚ | 1 476 | 1 376 | +7,3% |
| «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ | 1 506 | 1 521 | -1,0% |
| Басқа операциялық активтер | 1 616 | 1 636 | -1,2% |
| **Жалпы операциялық активтер** | **7 097** | **7 061** | **+0,5%** |
| «Теңізшевройл» ЖШС (Теңіз) | 3 321 | 3 892 | -14,7% |
| Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В. (Қашаған) | 1 520 | 1 517 | +0,2% |
| Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. (Қарашығанақ) | 499 | 573 | -12,9% |
| **Мегажобалар жиыны** | **5 340** | **5 982** | **-10,7%** |
| **Барлығы** | **12 437** | **13 043** | **-4,6%** |

*Операциялық активтердегі өндіру*

«Өзенмұнайгаз» АҚ-да мұнай өндіру көлемі 2 499 мың тоннаны, ал газ өндіру 4,8% артып, 312 млн м$^3$ құрады. Мұнай өндіру көлемінің шамалы төмендеуіне электрмен жабдықтаудың жүйелі түрде шектелуі себеп болды, мұның салдарынан өндіруші ұңғымалар мен технологиялық жабдықтар мәжбүрлі түрде тоқтатылады, сондай-ақ ұңғымалар қорын қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Айталық, кен орнында ұңғымалар қорын қалпына келтіру бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар кешені іске асырылуда. Есепті кезеңде 1 853 ұңғымаға ішкі жабыны бар сорғы-компрессорлық құбырлар енгізілді, 481 ұңғымаға электрлі ортадан тепкіш сорғылар орнатылды, 1 259 ұңғымаға EXPE штангалары қойылды. Бұл іс-шаралар жөндеуаралық кезеңді ұзартуға, жерасты жөндеулерінің санын азайтуға және жерасты жабдықтары жұмысының сенімділігін арттыруға мүмкіндік беріп, болашақта өндіру көлеміне оң әсерін тигізеді.

«Ембімұнайгаз» АҚ-да мұнай өндіру көлемі 7,3% өсіп, 1 476 мың тоннаны құрады, ал газ өндіру көлемі 67,2% өсіп, 179 млн м$^3$ құрады. «Ембімұнайгаз» АҚ-да мұнай және газ өндірудің оң динамикасы 2025 жылы Батыс Прорва кен орнында жобалық қуаты жылына 200 млн м$^3$ газға дейін болатын алғашқы іске қосу кешенін пайдалануға берумен байланысты болды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да мұнай өндіру 1 506 мың тоннаны, газ өндіру 225 млн м$^3$ құрады, бұл 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысына сәйкес келеді.

«Қазгермұнай» БК» ЖШС және PetroKazakhstan Inc. компанияларына және басқа да операциялық активтерге тиесілі ескі кен орындарында мұнай өндірісі табиғи қорлардың сарқылуына байланысты төмендеп келеді. Газ өндіру көлемі 4,6%-ға өсіп, 593 млн м³ жетті. Газ өндіру көлемінің ұлғаюы Орал Ойл энд Газ компаниясының 1-кезеңі үшін жобаланған жабдыққа көшуіне байланысты болды.

*Мегажобалардағы өндіру*

Теңіз кен орнында мұнай өндіру 14,7% төмендеп, 3 321 мың тоннаны (тәулігіне 147 мың баррель) құрады. Ілеспе газ өндіру 7,3% төмендеп, 2 056 млн м$^3$ құрады. Көрсеткіштер ҚҚК

тарапынан мұнай қабылдаудың шектелуіне, сондай-ақ 2026 жылғы қаңтарда Болашақ кеңейту жобасының объектілерінде трансформаторлардың тұтануына байланысты төмендеді, бұл өндірістік қуаттардың толық жүктелмеуіне әкелді; жобалық өндіру 2026 жылғы наурыз айының соңында қалпына келді.

Қашағанда мұнай өндіру көлемі 1 520 мың тоннаны (тәулігіне 67 мың баррель) құрады, бұл 2025 жылдың тиісті кезеңімен шамалас. Газ өндіру 6,5%-ға азайып, 930 млн $м^3$ болды. Көрсеткіштердегі ауытқу КҚК жүйесінің жылжымалы айлақ құрылғылары (ЖАҚ) жұмысының уақытша шектелуіне байланысты болды.

Қарашығанақта мұнай мен конденсат өндіру 12,9% азайып, 499 мың тоннаны (тәулігіне 22 мың баррель) құрады. Бұл ретте газды кері айдауға дейінгі өндіру көлемі 12,0% төмендеп, 1 162 млн $м^3$ құрады. Бұл көрсеткішке КҚК жүйесіне мұнай қабылдаудың тұрақсыздығы және Орынбор ГӨЗ тарапынан шикі газ қабылдаудың шектеулі болуы ықпал етті.

**Көмірсутек шикізатын тасымалдау**

Мұнайды магистраль және теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 4,0% артып, 43 280 мың тоннаға жетті.

| Мұнай тасымалдау[1], мың тонна | 2026ж. 6 ай (100%) | 2026ж. 6 ай (ҚМГ үлесі) | 2025ж. 6 ай (ҚМГ үлесі) | % |
|---|---|---|---|---|
| «ҚазТрансОйл» АҚ | 22 911 | 22 911 | 22 268 | +2,9% |
| «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС | 9 758 | 4 879 | 4 804 | +1,6% |
| «Мұнайтас» СБҚК» ЖШС[2] | 3 183 | 1 623 | 1 484 | +9,4% |
| Каспий Құбыр Консорциумы (КҚК) | 33 349 | 6 920 | 7 475 | -7,4% |
| **Құбырлар арқылы барлық тасымалдау** | **-** | **36 333** | **36 032** | **+0,8%** |
| Каспий теңізі | 1 095 | 1 095 | 982 | +11,5% |
| Ашық теңіздер[3] | 5 852 | 5 852 | 4 602 | +27,2% |
| **Теңіздегі барлық тасымал** | **-** | **6 947** | **5 584** | **+24,4%** |
| **Барлығы** | **-** | **43 280** | **41 616** | **+4,0%** |

[1] Мұнай көлемінің бір бөлігін екі немесе үш құбыр компаниясы тасымалдауы мүмкін және сәйкесінше бұл көлемдер мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде бір реттен артық есепке алынады.
[2] «МұнайТас «СЗТК» ЖШС - үлестік қатысу әдісін қолдана отырып шоғырландырылған бірлескен кәсіпорын, сондықтан тасымалдау көлемдері 51% меншік үлесіне сәйкес көрсетілген.
[3] Ашық теңіздерге Қара және Жерорта теңіздері жатады

Магистралды құбырлар арқылы мұнай тасымалдау көлемі 0,8% ұлғайып, 36 333 мың тоннаны құрады. Өсім Атырау–Самара (ҚТО) және Атасу–Алашаңқай (ҚҚҚ) бағыттарында жеткізілім көлемінің ұлғаюымен байланысты.

Сонымен қатар оң динамика 2026 жылғы қаңтарда жылжымалы айлақ құрылғыларының (ЖАҚ) жұмысын уақытша шектеу салдарынан КҚК жүйесі арқылы тасымалдау көлемінің төмендеуі арқылы теңестірілді.

Мұнайды теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 24,4% өсіп, 6 947 мың тоннаға жетті. Ашық теңіздерде теңіз тасымалы көлемінің ұлғаюы Қара және Жерорта теңіздері маршруттарына тартылған танкер флотының құрамының кеңеюіне, сондай-ақ Жерорта теңізінде тасымалдау үшін жүк сыйымдылығы үлкен Suezmax типті қосымша кемелердің тартылуына байланысты.

Каспий теңізі арқылы мұнай тасымалдау көлемінің өсуіне былтырғы осындай кезеңде жаңғырту үшін уақытша пайдаланудан шығарылған «Taraz» және «Liwa» танкерлерінің қайта іске қосылғаны оң әсерін тигізді.

**Жүк айналымы**

| Жүк айналымы, млн тонна*км | 2026ж. 6 ай (100%) | 2026ж. 6 ай (ҚМГ үлесі) | 2025ж. 6 ай (ҚМГ үлесі) | % |
|---|---|---|---|---|
| «ҚазТрансОйл» АҚ | 17 337 | 17 337 | 17 541 | -1,2% |
| «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС | 8 840 | 4 420 | 4 292 | +3,0% |
| «Мұнайтас» СБҚК ЖШС | 1 316 | 671 | 635 | +5,8% |
| Каспий Құбыр Консорциумы | 43 645 | 9 056 | 10 201 | -11,2% |
| **Жиыны:** | **-** | **31 485** | **32 668** | **-3,6%** |

Мұнай айналымы 3,6% төмендеп, ҚҚК жүйесі арқылы мұнай тасымалдау көлемінің төмендеуіне байланысты 31 485 млн тонна*км құрады.

**Көмірсутек шикізатын өткізу және жеткізу**

ҚМГ үлесіне тиесілі өндірілген мұнай мен газ конденсатын өткізу және жеткізу көлемі 5,7% төмендеп, 12 284 мың тоннаны құрады, оның 65,3%-ы экспортқа жөнелтілді. Ішкі нарық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін мұнай мен газ конденсатын ішкі нарыққа жеткізу көлемі 4 268 мың тонна құрады, оның ішінде мұнай өнімдерін өңдеу және өткізу үшін Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ), Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) және Шымкент мұнай өңдеу зауытына (ПКОП) 2 749 мың тонна көлемінде операциялық активтердің («Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ «Қазақтүрікмұнай» ЖШС және «Өріктау Оперейтинг» ЖШС шикі мұнайы жеткізілді.

**Көмірсутек шикізатын өңдеу**

| Көмірсутек шикізатын өңдеу, мың тонна[1] | 2026ж. 6 ай (ҚМГ үлесі) | 2025ж. 6 ай (ҚМГ үлесі) | % |
|---|---|---|---|
| АМӨЗ | 2 841 | 2 888 | -1,6% |
| ПМХЗ | 3 207 | 2 876 | +11,5% |
| ПҚОП | 1 266 | 1 533 | -17,4% |
| Caspi Bitum | 139 | 108 | +28,3% |
| **Барлық қазақстандық МӨЗ** | **7 453** | **7 405** | **+0,6%** |
| Петромидия | 2 599 | 2 789 | -6,8% |
| Вега | 164 | 181 | -9,4% |
| **KMG International МӨЗ жиыны** | **2 763** | **2 969** | **-7,0%** |
| **Жиыны:** | **10 215** | **10 375** | **-1,5%** |

[1]. ПҚОП және Caspi Bitum өңдеу көлемі 50% үлесіне, қалған зауыттарда – 100% үлесіне көрсетілген.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша ҚМГ отандық және шетелдік активтерінде КСШ өңдеудің жиынтық көлемі 10 215 мың тоннаны құрап, өткен жылдың көрсеткіштеріне қарағанда 1,5% төмендеді:

- Есепті кезеңде АМӨЗ бен ПҚОП-та жоспарлы жөндеу жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан, Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттары 7 453 мың тонна мұнай өңдеп, 0,6%-ға өсім көрсетті. Сонымен қатар жеңіл мұнай өнімдерін шығару көлемі 2,2%-ға ұлғайып, тарихи ең жоғары көрсеткішке 78,8% жетті.
- Румыниядағы KMG International (Петромидия, Вега) зауыттарында өңдеу көлемі 7,0% азайып, 2 763 мың тоннаны құрады. Көрсеткіштің төмендеуіне «Петромидия» және «Вега» МӨЗ-де жоспарлы ағымдағы жөндеу жұмыстары ықпал етті.

**Мұнай өнімдерін өндіру**

| Мұнай өнімдерін өндіру, мың тонна | | 2026ж. 6 ай (ҚМГ үлесі) | 2025ж. 6 ай (ҚМГ үлесі) | % |
|---|---|---|---|---|
| Қазақстандық МӨЗ | Бензин | 2 446 | 2 332 | +4,9% |
| | Дизель | 2 639 | 2 521 | +4,7% |
| | Басқалары | 1 813 | 1 932 | -6,2% |
| | **Жиыны:** | **6 898** | **6 785** | **+1,7%** |
| KMG International МӨЗ | Бензин | 585 | 691 | -15,4% |
| | Дизель | 1 161 | 1 170 | -0,7% |
| | Басқалары | 954 | 1 039 | -8,2% |
| | **Жиыны:** | **2 700** | **2 900** | **-6,9%** |
| **Жиыны:** | Бензин | 3 031 | 3 023 | +0,3% |
| | Дизель | 3 800 | 3 690 | +3,0% |
| | Басқалары | 2 768 | 2 971 | -6,9% |
| | **Жиыны:** | **9 599** | **9 685** | **-0,9%** |

Жеңіл және ауыр мұнай өнімдерін шығару 0,9% төмендеп, 9 599 мың тоннаны құрады. Жөндеу жұмыстарына байланысты Румыниядағы өндіріс көлемі 6,9%-ға азайып, 2 700 мың тонна болса, Қазақстандағы өңдеу сегменті, керісінше, 1,7% өсім көрсетіп, 6 898 мың тоннаға жетті:

- Өндірістің жеңіл мұнай өнімдеріне қарай ауысуы байқалады. Қазақстандық МӨЗ-де бензин өндірісі 4,9%, яғни 2 446 мың тоннаға дейін, ал дизель отыны 4,7%, яғни 2 639 мың тоннаға дейін ұлғайды.
- Румыниядағы (KMG International) «Петромидия» және «Вега» зауыттары жоспарлы ағымдағы жөндеуге тоқтауына байланысты өндірісті 6,9%, яғни 2 700 мың тоннаға дейін қысқартты.

**Корпоративтік орталықтың көтерме саудасы[1]**

| мың тонна | 2026ж. 6 ай | | | 2025ж. 6 ай | | | % | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ішкі нарық | эксп. | барлығы | ішкі нарық | эксп. | барлығы | ішкі нарық | эксп. | барлығы |
| Бензин | 967 | - | 967 | 908 | 9 | 917 | +6,5% | -100% | +5,4% |
| Дизель | 1 227 | - | 1 227 | 1 100 | - | 1 100 | +11,5% | - | +11,5% |
| Басқалары | 670 | 186 | 856 | 662 | 260 | 922 | +1,2% | -28,5% | -7,2% |
| **Жиыны:** | **2 864** | **186** | **3 050** | **2 671** | **269** | **2 939** | **+7,2%** | **-30,9%** | **+3,8%** |

[1] ҚМГ корпоративтік орталығы бас компанияның функцияларын орындаумен қатар кейіннен өндірілген мұнай өнімдерін сата отырып, еншілес және тәуелді ұйымдардан (ЕТҰ) мұнай сатып алу және өңдеу жөніндегі операциялық қызметті жүзеге асырады.

ҚМГ корпоративтік орталығы арқылы меншікті мұнай өнімдерінің жиынтық сатылымы 3,8% өсіп, 3 050 мың тоннаны құрады.

- Қазақстан ішінде жеткізілім көлемі 7,2%, яғни 2 864 мың тоннаға дейін өсті. Негізгі фактор – дизель отыны мен бензинге өсіп келе жатқан сұранысты қамтамасыз ету болды, отандық МӨЗ-де өндірістің ұлғаюы есебінен өсім сәйкесінше 11,5% және 6,5% құрады.
- Шикізат ағындарының жеңіл мұнай өнімдерін өндіруге қайта бағытталуына байланысты басқа фракциялардың экспорттық жөнелтілімдері 30,9% төмендеді.

**Полипропилен өндіру және сату**

| Полипропилен өндіру және сату, мың тонна | 2026ж. 6 ай (ҚМГ үлесі) | 2025ж. 6 ай (ҚМГ үлесі) | % |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Өндіру | **102,3** | **106,8** | **-4,3%** |
| Сату: | | | |
| Ішкі нарық | 10,0 | 9,5 | +5,9% |
| Экспорт | 85,1 | 91,0 | -6,5% |
| **Барлық сатылғаны** | **95,1** | **100,4** | **-5,3%** |

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында полипропилен өндіру көлемі 4,3% қысқарып, 102,3 мың тоннаны құрады. Операциялық көрсеткіштерге жыл басында Теңіз кен орнынан пропанның шикізат жеткізілімдерінің тұрақсыздығы әсер етті.

Есепті кезеңде полипропилен сатылымы 5,3% төмендеп, 95,1 мың тоннаны құрады:

- Полипропиленді ішкі нарыққа сату көлемі 5,9%, яғни 10,0 мың тоннаға дейін өсті. Динамика ішкі сұраныстың өсуіне және «Форсаж» төлемдерді кейінге қалдыру бағдарламасын қоса алғанда, отандық өңдеушілерді қолдаудың коммерциялық бағдарламаларына байланысты.
- Экспортқа полипропилен сату көлемі 6,5% азайып, 85,1 мың тоннаны құрады. ҚХР нарығында базалық маркаларды сату көлемінің төмендеуі маржалық әртараптандырумен және Еуропалық Одақ елдеріне экспорттың ұлғаюымен ішінара өтелді.

# Компанияның негізгі тәуекелдері

ҚМГ өз қызметін динамикалы өзгеретін ішкі және сыртқы орта жағдайында жүзеге асырады, осыған байланысты кейбір тәуекелдердің орын алу ықтималдығы мен Компания қызметіне ықтимал әсері тұрғысынан өзгеріп отыруы мүмкін. ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарында тәуекелдерді дер кезінде анықтауды, бағалауды және басқаруға жүйелі тәсілді қамтамасыз ететін интеграцияланған корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі (КТБЖ) жұмыс істейді. Компания тұрақты негізде басты тәуекелдерге мониторинг жүргізеді және олардың орын алу ықтималдығын төмендету мен операциялық әрі қаржылық нәтижелерге теріс әсерін барынша азайту бойынша шараларды іске асырады, бұл Компанияның ішкі және сыртқы факторларға төзімділігін арттыруға ықпал етеді. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында Компанияның басты тәуекелдерінің құрамында айтарлықтай өзгеру болған жоқ. Сонымен бірге кейбір тәуекелдер операциялық және сыртқы факторлардың, соның ішінде өндірістік қауіпсіздік саласындағы оқиғалардың, мұнайды экспортқа тасымалдаудың уақытша шектеулерінің және өндірудің жоспардан тыс төмендеуінің әсерінен іске асты. Геосаяси жағдайға және әлемдік мұнай бағасының жоғары құбылмалылығына байланысты белгісіздік те сақталды.

**Жазатайым оқиғалар тәуекелі**

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында өндірістегі жазатайым оқиғалар мен өндірістік жарақаттану тәуекелінің орын алғаны белгілі болды. ҚМГ-ның еншілес және бағынысты ұйымдарында өліммен аяқталған үш жазатайым оқиға тіркелді. Сонымен қатар есепті кезеңде еңбек қабілетін жоғалтуға әкеп соққан жазатайым оқиғалар тіркелді. Оқиғалардың басты себептері жұмыстарды орындау кезіндегі еңбекті қорғау мен қауіпсіздік талаптарының бұзылуы, сондай-ақ жұмыстарды ұйымдастырудың қанағаттанарлықсыздығы болды. Тіркелген әрбір жазатайым оқиға бойынша белгіленген тәртіппен тергеп-тексеру жүргізілді. Тергеп-тексеру нәтижелері бойынша оқиғалардың тікелей және жүйелік себептері анықталып, түзету және алдын алу шаралары әзірленді. Өндірістік жарақаттану мен жол-көлік оқиғаларының деңгейін төмендету мақсатында ҚМГ тобында алдын алу шараларының кешені іске асырылуда. Жеке алғанда, апаттылықты жүйелі түрде төмендетуге және ауыр әрі өліммен аяқталған жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған 2026–2028 жылдарға арналған «ЖКО тоқтату» жоспары әзірленіп, келісілді. Көлік қауіпсіздігіне жоспардан тыс аудит жүргізілді, оның шеңберінде автокөліктің техникалық жай-күйі, жүргізушілердің еңбек және демалыс режимдерінің сақталуы, нұсқаулықтар мен медициналық куәландырудың жүргізілуі, сондай-ақ мердігер ұйымдардың қызметі тексерілді. Маңғыстау облысындағы ҚМГ еншілес және бағынысты ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру жалғасуда. Еншілес және бағынысты ұйымдарда өндірістік қауіпсіздік саласында кешенді тексерулер жүргізілді. Ұңғымаларды жер асты және күрделі жөндеу барысында қауіпті технологиялық операцияларды жүргізу кезінде инциденттердің алдын алуға және жұмыскерлердің қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған TUMAR жүйесін енгізу жалғасуда. Сондай-ақ қауіпсіз емес жағдайларды дер кезінде анықтауға және оқиғалардың алдын алуға арналған «Қорғау» картасын қолдану жалғасуда.

**Мұнайды экспортқа тасымалдау және өткізу көлемінің төмендеу тәуекелі**

ҚМГ мұнайының экспорты елеулі дәрежеде халықаралық тасымалдау бағыттарының, ең алдымен Компанияның ірі жобалары — Теңіз, Қарашығанақ және Қашағаннан мұнайдың басым бөлігі тасымалданатын Каспий Құбыр Консорциумы (ККК) жүйесінің үздіксіз жұмысына байланысты. Экспорттық бағыттардың жұмыс істеуі Компанияның бақылауынан тыс бірқатар сыртқы факторларға, соның ішінде геосаяси оқиғаларға, санкциялық шектеулерге, тасымалдау инфрақұрылымының зақымдануына, техникалық іркілістерге, қолайсыз ауа райы жағдайларына және басқа да мән-жайларға байланысты. Негізгі экспорттық бағытқа

тәуелділікті азайту мақсатында ҚМГ мемлекеттік органдармен және серіктестермен бірлесіп мұнай тасымалдау бағыттарын диверсификациялау бойынша жұмысты жалғастыруда. 2026 жылдың басында 2025 жылғы қарашада жылжымалы айлақтық құрылғылары (ЖАҚ) бірінің зақымдануы және екінші құрылғыны жоспарлы жөндеуден өткізу салдарынан КҚК теңіз терминалында мұнай қабылдау бойынша туындаған шектеулер ҚМГ-ның мұнай өндіру мен экспорттау көлемдеріне әсер етті. Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін КҚК теңіз терминалы арқылы мұнай жөнелту штаттық режимде жүзеге асырылды, ал аталған шектеулер жойылды. КҚК жүйесі бойынша ҚМГ үлесіне тиесілі мұнай тасымалдау көлемі 7,4%-ға, 6 920 мың тоннаға дейін төмендеді. Есепті кезеңде мұнайды магистральдық және теңіз арқылы тасымалдау көлемі 4,0%-ға артып, 43 280 мың тоннаны құрады. КҚК жүйесінің жұмыс істеуіне байланысты тәуекелдер және оларды барынша азайту шаралары туралы қосымша ақпарат ҚМГ-ның 2025 жылғы Жылдық есебінде берілген.

**Өндіру деңгейінің жоспардан тыс төмендеу тәуекелі**

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында өндіру деңгейінің жоспардан тыс төмендеу тәуекелі ТШО өндірістік объектілерінде іске асты. ҚМГ-ның 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі 12 437 мың тоннаны (тәулігіне 522 мың барр.) құрап, 2025 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 4,6%-ға төмендеді. Теңіздегі ҚМГ үлесіне тиесілі мұнай өндіру 14,7%-ға төмендеп, 3 321 мың тоннаны (тәулігіне 147 мың барр.) құрады. Теңізде өндіру көлемінің төмендеуі, негізінен, 2026 жылғы қаңтарда өндірістік объектілердегі трансформаторлардың өртенуіне байланысты болды, бұл өндірістік қуаттардың уақытша толық жүктелмеуіне әкеп соқты. Өндірудің жобалық деңгейі 2026 жылғы наурыздың соңында қалпына келтірілді. Өндіру көлеміне қосымша түрде КҚК тарапынан мұнай қабылдауды шектеу де әсер етті.

**Сот және арбитраждық талқылаулар тәуекелі**

ҚМГ, көптеген ірі компаниялар сияқты, үшінші тараптар бастамашылық ететін сот, арбитраждық және реттеушілік талқылаулар, сондай-ақ басқа да тексерулер мен талап-арыздар тәуекеліне ұшырайды. Мұндай талқылаулар, соның ішінде азаматтық, әкімшілік, экологиялық, еңбек және салық дауларына қатысты болуы мүмкін. Мұндай талқылаулардың нәтижесі мен соңғы салдарларын әрқашан нақты болжау мүмкін емес. Мұндай талқылаулардың қолайсыз нәтижесі айыппұлдар, өтемақылар төлеуге немесе бітімгершілік келісімдер жасасуға әкеп соғуы мүмкін.

**Мұнай бағасының жоғары құбылмалылығы**

Әлемдік мұнай бағасы жоғары құбылмалылықпен сипатталады және Компанияның бақылауынан тыс сыртқы факторлардың жиынтығына, соның ішінде сұраныс пен ұсыныстың жаһандық теңгеріміне, ОПЕК+ елдерінің шешімдеріне, геосаяси жағдайға, жеткізілімдердің іркілу тәуекелдеріне және әлемдік экономиканың өсу қарқынына байланысты. Түрлі бағыттағы факторлардың әсері тіпті қысқа мерзімді перспективада бағаны сенімді болжау мүмкіндігін айтарлықтай шектейді. Мұнай бағасының жоғары құбылмалылығы мен шектеулі болжамдылығы бюджеттік және инвестициялық жоспарлау кезінде қосымша белгісіздік тудырады. Бағаның қолайсыз өзгеруі түсімге, ақша ағындарына, капитал салымдарын іске асыру көлемі мен мерзімдеріне кері әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты мұнай бағасының қолайсыз өзгеру тәуекелі өзекті болып қала береді, ал Компания баға динамикасының түрлі сценарийлерін ескеруді және әлемдік мұнай нарығына әсер ететін негізгі факторларға мониторинг жүргізуді жалғастырады. Компания қаржы жылының қалған алты айы ішінде өзінің тәуекел-бейіні тұтастай алғанда айтарлықтай өзгермейді деп күтеді. Осы жартыжылдық есепте және 2025 жылғы Жылдық есепте ашып көрсетілген негізгі тәуекелдер мен белгісіздіктер өзектілігін сақтайды. Осы есеп дайындалған күндегі жағдай бойынша Компанияның тәуекел-бейініне елеулі әсер етуге қабілетті жаңа елеулі тәуекелдер мен белгісіздіктер анықталған жоқ.

Негізгі тәуекелдер мен оларды басқару шаралары туралы егжей-тегжейлі ақпарат Компанияның 2025 жылғы Жылдық есебінде берілген.

## Жауапкершілік туралы мәлімдеме

Қоғам Жарғысының 14-бабының 29-тармағына сәйкес Басқарма ҚМГ бағалы қағаздарының саудасы жүзеге асырылатын қор биржаларының ережелерінің талаптарын негізге ала отырып, ҚМГ жартыжылдық есебін бекітеді.

Басқарма және Басқарма құрамының әрбір мүшесі Жартыжылдық есеп пен есептілікті дайындау және келісу кезінде өз жауапкершілігін түсінетінін мәлімдейді және Жартыжылдық есеп пен есептілікті тұтастай алғанда, әділ, теңдестірілген және түсінікті деп есептейді, сондай-ақ акционерлерге Компанияның жағдайын, қызмет нәтижелерін, бизнес-моделін және стратегиясын бағалау үшін қажетті ақпаратты қамтиды.

Басқарма құрамының әрбір мүшесі өзінде бар ақпаратты негізге ала отырып, мыналарды растайды:

- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған қаржы есептілігі Компанияның активтері, міндеттемелері, қаржылық жағдайы, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, Компанияның еншілес кәсіпорындарымен біріктірілген балансы туралы шынайы және сенімді ақпарат береді;
- есеп Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметінің дамуы және көрсеткіштері мен қаржылық жай-күйі туралы сенімді деректерді, сондай-ақ олар тап болатын аса маңызды тәуекелдер мен белгісіздіктерді сипаттайды.

# Аралық Қысқартылған Шоғырландырылған Қаржылық Есептілікті шолып тексеру нәтижелері бойынша есеп

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» Акционерлік Қоғамының Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен Басшыларына

## Кіріспе

Біз «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» Акционерлік Қоғамының және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге – «Топ») 2026 жылғы 30 маусымдағы қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептілікке, көрсетілген күнмен аяқталған үш және алты ай бойынша жиынтық кіріс туралы, белгіленген күнмен аяқталған алты ай бойынша капиталдағы өзгерістер және ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептерге, сондай-ақ тиісті түсіндірме ескертпелерге шолып тексеру жүргіздік. Басшылық осы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептілікті «Аралық қаржылық есептілік» 34 Халықаралық қаржылық есептіліктің стандартына (IAS) сәйкес дайындалауына және дұрыс ұсынылуына жауапты. Біздің жауапкершілігіміз біздің жүргізген шолып тексеруінің негізінде осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы қорытынды қалыптастырудан тұрады.

## Шолып тексерудің көлемі

Біз шолып тексеруді «Компанияның тәуелсіз аудиторы жүргізетін аралық қаржылық ақпаратының шолып тексеруі» 2410 Халықаралық шолып тексерулер стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексеруі сауалнама алудан, ең алдымен, қаржылық және бухгалтерлік сұрақтарына жауапты қызметкерлерден, жәнеде сараптамалық және басқа да рәсімдерді қолданудан тұрады. Шолып тексеру көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиторлық тексеруден елеулі аз, сондықтан шолып тексеру бізге аудит кезінде айқындалатын барлық маңызды аспектілер белгілі болатындығына сенімділік алуға жағдай туғызбайды. Тиісінше, біз аудиторлық пікір білдірмейміз.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
Әл-Фараби даңғылы 34, А ғимараты, 4-қабат, Алматы, Қазақстан, A25D5F6
Т: +7 (727) 330 3200, Ф: +7 (727) 244 6868, www.pwc.com/kz

## Қорытынды

Біздің жүргізген шолып тексеру нәтижесінде, осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің, барлық маңызды аспектілерінде, «Аралық қаржылық есептілік» 34 Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес дұрыс ұсынылмаған деп санауға себеп болатын деректер анықталмады.

PricewaterhouseCoopers

Бекітілген және қол қойылған:

Азамат Конратбаев
Басқарушы директор
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 21 қазандағы №0000005 бас мемлекеттік лицензиясы)

Аудитор-атқарушы
(Аудитордың біліктілік куәлігі
2015 жылғы 28 желтоқсандағы №МФ-0000315)

Алматы, Қазақстан

2026 жылғы 12 тамыз

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

## 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін

| *Миллион теңгемен* | Ескер. | 30 маусымда аяқталған үш ай үшін | | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **2026 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жылғы (аудит жүргізілмеген) | **2026 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жылғы (аудит жүргізілмеген) |
| **Түсім және басқа да кірістер** | | | | | |
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім | 4 | **3.086.838** | 2.259.243 | **5.567.754** | 4.500.494 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто | 5 | **341.183** | 163.344 | **536.781** | 348.737 |
| Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс | | **–** | 3.000 | **–** | 3.000 |
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс | 12 | **56.126** | 50.236 | **103.792** | 93.669 |
| Басқа да қаржылық кіріс | 12 | **1.500** | 26.060 | **6.790** | 27.162 |
| Басқа да операциялық кіріс | | **15.668** | 12.855 | **28.477** | 20.246 |
| **Түсім және басқа да кірістер жиыны** | | **3.501.315** | 2.514.738 | **6.243.594** | 4.993.308 |
| **Шығыстар мен шығындар** | | | | | |
| Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны | 6 | **(1.778.598)** | (1.210.917) | **(3.018.793)** | (2.426.770) |
| Өндірістік шығыстар | 7 | **(430.635)** | (396.630) | **(813.249)** | (758.776) |
| Табыс салығынан басқа салықтар | 8 | **(206.986)** | (132.644) | **(353.878)** | (281.931) |
| Тозу, тауысылу және амортизация | | **(188.236)** | (175.086) | **(378.242)** | (353.002) |
| Тасымалдау және өткізу шығыстары | 9 | **(81.158)** | (74.290) | **(167.335)** | (145.683) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 10 | **(50.057)** | (48.855) | **(95.911)** | (94.252) |
| Негізгі құралдардың құнсызданауын және барлау шығыстарын қалпына келтіру | 11 | **358** | 3.085 | **275** | (19.463) |
| Қаржылық шығындар | 12 | **(71.943)** | (82.290) | **(144.704)** | (164.013) |
| Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто | 2 | **5.421** | 38.200 | **(79.169)** | (22.728) |
| Күтілетін кредиттік шығындар | | **(8.272)** | (4.061) | **(12.029)** | (3.976) |
| Басқа да шығыстар | | **(11.969)** | (9.586) | **(21.661)** | (15.837) |
| **Шығыстар мен шығындар жиыны** | | **(2.822.075)** | (2.093.074) | **(5.084.696)** | (4.286.431) |
| **Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда** | | **679.240** | 421.664 | **1.158.898** | 706.877 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 13 | **(148.611)** | (79.805) | **(255.125)** | (172.500) |
| **Кезеңдегі таза пайда** | | **530.629** | 341.859 | **903.773** | 534.377 |

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| | | 30 маусымда аяқталған үш ай үшін | | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Ескер. | **2026 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жылғы (аудит жүргізілмеген) | **2026 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жылғы (аудит жүргізілмеген) |
| **Басқа да жиынтық кіріс/(залал)** | | | | | |
| *Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс/(залал)* | | | | | |
| Хеджирлеу әсері | | **(1.219)** | (5.110) | **(48.914)** | (2.900) |
| Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырма | | **42.549** | 305.258 | **(494.302)** | (128.776) |
| Таза инвестицияларды хеджирлеуден болған (залал)/кіріс, нетто | 19 | **(7.052)** | (75.248) | **111.712** | 25.671 |
| Салық әсері | | **(3.095)** | (18.051) | **28.257** | 7.836 |
| **Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жататын таза басқа да жиынтық кіріс/(залал)** | | **31.183** | 206.849 | **(403.247)** | (98.169) |
| *Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс* | | | | | |
| Табыс салығын шегере отырып, белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған (залал)/кіріс | | **(240)** | 780 | **(240)** | 780 |
| Табыс салығын шегере отырып, бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған кіріс | | **654** | 541 | **266** | 698 |
| **Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын таза басқа да жиынтық кіріс** | | **414** | 1.321 | **26** | 1.478 |
| **Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі таза басқа да жиынтық кіріс/(залал)** | | **31.597** | 208.170 | **(403.221)** | (96.691) |
| **Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жиыны** | | **562.226** | 550.029 | **500.552** | 437.686 |
| **Мыналарға келетін кезеңдегі таза пайда/(залал):** | | | | | |
| Бас компанияның акционерлеріне | | **519.723** | 339.471 | **887.574** | 535.997 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесіне | | **10.906** | 2.388 | **16.199** | (1.620) |
| | | **530.629** | 341.859 | **903.773** | 534.377 |
| **Мыналарға келетін жиынтық кіріс/(залал) жиыны:** | | | | | |
| Бас компанияның акционерлеріне | | **551.276** | 547.424 | **484.637** | 439.284 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесіне | | **10.950** | 2.605 | **15.915** | (1.598) |
| | | **562.226** | 550.029 | **500.552** | 437.686 |
| **Акцияға шаққандағы пайда*** – мың теңгемен | | | | | |
| Базалық және бөлінген | | **0,85** | 0,56 | **1,46** | 0,88 |

* *2026 жылғы 30 маусымда және 2025 жылғы 30 маусымдағы аяқталған алты ай ішінде жай акциялардың орташа саны 610.119.493 дана болды.*

Басқарма төрағасының орынбасары — *Д.А. Арысова*

Бас бухгалтер — *А.С. Есбергенова*

*Есеп саясаты және 9-39 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады*

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша**

| *Миллион теңгемен* | Ескер. | **2026 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Барлау және бағалау бойынша активтер | | **200.903** | 211.410 |
| Негізгі құралдар | 14 | **7.253.005** | 7.590.629 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | | **6.676** | 7.912 |
| Материалдық емес активтер | | **829.060** | 881.420 |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер | | **118.509** | 117.083 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар | 16 | **4.687.087** | 4.933.962 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | | **27.289** | 38.556 |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар | | **325.457** | 161.074 |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер | | **8.898** | 9.383 |
| Байланысты тараптарға берілген қарыздар мен дебиторлық берешек | 24 | **209.001** | 207.247 |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері | | **58.047** | 93.319 |
| Ұзақ мерзімді банк салымдары | 15 | **70.962** | 73.271 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер | | **29.550** | 34.539 |
| | | **13.824.444** | 14.359.805 |
| **Қысқа мерзімді қаржы активтер** | | | |
| Тауар-материалдық қорлар | | **463.442** | 374.735 |
| Сауда дебиторлық берешек | 17 | **934.742** | 597.111 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | | **50.251** | 54.527 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **27.744** | 62.515 |
| Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер | 17 | **170.223** | 194.392 |
| Байланысты тараптарға берілген қарыздар мен дебиторлық берешек | 24 | **998.186** | 59.584 |
| Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтер | 17 | **144.382** | 71.629 |
| Қысқа мерзімді банк салымдары | 15 | **834.541** | 1.875.464 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 18 | **1.522.178** | 1.198.185 |
| | | **5.145.689** | 4.488.142 |
| Сатуға арналған деп жіктелген активтер | | **185** | 498 |
| | | **5.145.874** | 4.488.640 |
| **Активтердің жиыны** | | **18.970.318** | 18.848.445 |

*Есеп саясаты және 9-39 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады*

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Ескер. | 2026 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген) | 2025 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| **Капитал және міндеттемелер** | | | |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | | **916.541** | 916.541 |
| Қосымша төленген капитал | | **1.142** | 1.142 |
| Басқа да капитал | | **(42.185)** | 6.729 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | | **4.474.739** | 4.828.788 |
| Бөлінбеген пайда | | **7.184.205** | 6.715.218 |
| **Бас компанияның акционерлеріне жататын** | | **12.534.442** | 12.468.418 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесі | | **(71.409)** | (82.093) |
| **Капитал жиыны** | | **12.463.033** | 12.386.325 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 19 | **3.000.696** | 3.243.524 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 20 | **106.714** | 112.295 |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер | 22 | **749** | 1.081 |
| Резервтер | 21 | **263.316** | 279.759 |
| Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | | **73.131** | 71.225 |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелер | 22 | **56.742** | 67.808 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер | | **1.177.894** | 1.274.036 |
| | | **4.679.242** | 5.049.728 |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Сауда кредиторлық берешек | 22 | **677.904** | 546.873 |
| Қарыздар | 19 | **410.305** | 278.423 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 20 | **17.442** | 16.677 |
| Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер | 22 | **300.219** | 179.684 |
| Резервтер | 21 | **17.009** | 17.111 |
| Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | | **7.357** | 7.625 |
| Төленуге жататын табыс салығы | | **78.741** | 22.688 |
| Төленуге жататын басқа да салықтар | 23 | **197.733** | 154.833 |
| Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер | 22 | **121.333** | 188.478 |
| | | **1.828.043** | 1.412.392 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **6.507.285** | 6.462.120 |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | | **18.970.318** | 18.848.445 |
| **Бір акцияның баланстық құны*** - мың теңгемен | | **19,068** | 18,857 |

* *2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялардың саны 610.119.493 дана болды. Бір жай акцияның баланстық құнын ұсыну ХҚЕС-ке жатпайтын көрсеткіш және KASE талабы бойынша ашылып көрсетіледі.*

Басқарма төрағасының орынбасары — *Д.А. Арысова*

Бас бухгалтер — *А.С. Есбергенова*

*Есеп саясаты және 9-39 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін**

| *Миллион теңгемен* | Ескер. | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін<br>2026 жылғы (аудит жүргізілмеген) | <br>2025 жылғы (аудит жүргізілмеген) |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен болған ақша ағындары** | | | |
| **Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда** | | **1.158.898** | 706.877 |
| | | | |
| **Түзетулер:** | | | |
| Тозу, тауысылу және амортизация | | **378.242** | 353.002 |
| Негізгі құралдардың құнсыздануы/(құнсыздануды қалпына келтіру) және барлау шығыстары | 11 | **(275)** | 19.463 |
| Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан іске асырылған залал | 7 | **61.046** | 3.244 |
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс | 12 | **(103.792)** | (93.669) |
| Басқа да қаржылық кіріс | 12 | **(6.790)** | (27.162) |
| Қаржылық шығындар | 12 | **144.704** | 164.013 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто | 5 | **(536.781)** | (348.737) |
| Резервтердегі өзгеріс | | **–** | 5.458 |
| Теріс бағамдық айырма, нетто | 2 | **79.169** | 22.728 |
| Еншілес ұйымды сатудан түскен пайда | | **–** | (3.000) |
| Тауарлық-материалдық қорларды өткізудің таза құнына дейін есептен шығару/(есептен шығаруды қалпына келтіру) | 7 | **2.957** | (5.349) |
| Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған деп жіктелген активтердің есептен шығарылуынан болған кіріс, нетто | | **7.918** | 722 |
| Күтілетін кредиттік шығындар | | **12.029** | 3.976 |
| Басқа да түзетулер | | **7.960** | 8.805 |
| **Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда** | | **1.205.285** | 810.371 |
| | | | |
| Өтеуге ҚҚС-тағы өзгерістер | | **14.446** | 362 |
| Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер | | **(125.919)** | 56.620 |
| Сауда дебиторлық берешектегі және басқа да қысқа мерзімді активтердегі өзгерістер | | **(462.147)** | (298.666) |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелердегі өзгерістер | | **155.387** | (18.399) |
| Төленуге жататын басқа да салықтардағы өзгерістер | | **46.054** | 84.707 |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары** | | **833.106** | 634.995 |
| | | | |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер | 16 | **500.085** | 474.356 |
| Табыс салығын төлеу | | **(125.281)** | (119.771) |
| Алынған пайыздар | | **89.130** | 90.344 |
| Төленген пайыздар | 19, 20 | **(109.919)** | (135.939) |
| **Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары** | | **1.187.121** | 943.985 |

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Ескер. | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін<br>2026 жылғы (аудит жүргізілмеген) | 2025 жылғы (аудит жүргізілмеген) |
|---|---|---|---|
| **Инвестициялық қызметтен ақша ағындары** | | | |
| Банк салымдарын орналастыру | | **(807.449)** | (1.256.141) |
| Банк салымдарын қайтару | | **1.757.689** | 1.528.055 |
| Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу | | **(422.308)** | (262.229) |
| Негізгі құралдарды, барлау мен бағалау активтерін және сатуға арналған деп жіктелген активтерді сатудан болған түсімдер | | **208** | 4.266 |
| Иелік ету үлесін өзгертпестен бірлескен кәсіпорындардың капиталына қосымша салымдар | 16 | **(34.682)** | (30.967) |
| Есептен шығарылған ақша қаражатын шегергеннен кейінгі еншілес ұйымның шығуынан ақша қаражатының түсуі | | **–** | 1.163 |
| Байланысты тараптарға берілген қарыздар | | **(328)** | (20.898) |
| Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеуден түскен түсімдер | | **865** | 610 |
| ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын өтеу | 24 | **231.475** | 269.686 |
| ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу | 24 | **(217.778)** | (255.895) |
| Самұрық-Қазына облигацияларын өтеуден түскен түсімдер | | **–** | 10.000 |
| Самұрық-Қазына облигацияларын сатып алу | 24 | **(951.550)** | (10.000) |
| Басқасы | | **1.547** | (2.998) |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары** | | **(442.311)** | (25.348) |
| | | | |
| **Қаржылық қызметтен ақша ағындары** | | | |
| Қарыздардың түсуі | 19 | **102.292** | 211.817 |
| Қарыздарды өтеу | 19 | **(76.856)** | (251.990) |
| Акционерлерге төленген дивидендтер | 24 | **(350.001)** | (300.002) |
| Бақыланбайтын үлес акционерлеріне төленген дивидендтер | | **(4.540)** | (3.311) |
| Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу | | **(376)** | (3) |
| Репо мәмілелері бойынша түсімдер | | **–** | 30.739 |
| Басқа да операциялар | | **–** | (4.292) |
| Жалдау міндеттемелері бойынша негізгі борышты өтеу | 20 | **(13.820)** | (15.103) |
| Басқасы | | **26** | (48) |
| **Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары** | | **(343.275)** | (332.193) |
| | | | |
| Айырбастау бағамдарындағы өзгерістердің ақша қаражаты мен оның баламаларына ықпалы | | **(77.517)** | (2.273) |
| Күтілетін кредиттік шығындар резервіндегі өзгеріс | | **(25)** | 5 |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс** | | **323.993** | 584.176 |
| | | | |
| Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары | | **1.198.185** | 1.216.451 |
| **Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары** | | **1.522.178** | 1.800.627 |

Басқарма төрағасының орынбасары ____________ Д.А. Арысова

Бас бухгалтер ____________ А.С. Есбергенова

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін**

| | Бас компанияның акционерлеріне келеді | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Басқа да капитал | Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | Бөлінбеген пайда | Жиыны | Бақылан-байтын қатысу үлесі | Жиыны |
| **2024 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)** | 916.541 | 1.142 | (2.373) | 5.132.868 | 5.985.894 | 12.034.072 | (109.788) | 11.924.284 |
| Кезеңдегі таза пайда /(залал) | – | – | – | – | 535.997 | 535.997 | (1.620) | 534.377 |
| Басқа да жиынтық (залал)/кіріс | – | – | (2.900) | (95.291) | 1.478 | (96.713) | 22 | (96.691) |
| **Жиынтық кіріс/(залал) жиыны** | – | – | (2.900) | (95.291) | 537.475 | 439.284 | (1.598) | 437.686 |
| Дивидендтер *(24-ескертпе)* | – | – | – | – | (300.002) | (300.002) | (3.630) | (303.632) |
| Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу | – | – | – | – | (4.187) | (4.187) | – | (4.187) |
| **2025 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)** | 916.541 | 1.142 | (5.273) | 5.037.577 | 6.219.180 | 12.169.167 | (115.016) | 12.054.151 |

*Есеп саясаты және 9-39 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| | Бас Компанияның Акционерлеріне келеді | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Басқа да капитал | Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | Бөлінбеген пайда | Жиыны | Бақылан-байтын қатысу үлесі | Жиыны |
| **2025 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)** | **916.541** | **1.142** | **6.729** | **4.828.788** | **6.715.218** | **12.468.418** | **(82.093)** | **12.386.325** |
| Кезеңдегі таза пайда | – | – | – | – | 887.574 | 887.574 | 16.199 | 903.773 |
| Басқа да жиынтық кіріс/(залал) | – | – | (48.914) | (354.049) | 26 | (402.937) | (284) | (403.221) |
| **Жиынтық кіріс/(залал) жиыны** | **–** | **–** | **(48.914)** | **(354.049)** | **887.600** | **484.637** | **15.915** | **500.552** |
| Дивидендтер *(24-ескертпе)* | – | – | – | – | (350.001) | (350.001) | (5.231) | (355.232) |
| Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу | – | – | – | – | (5) | (5) | – | (5) |
| Самұрық-Қазынамен операциялар *(24-ескертпе)* | – | – | – | – | (68.607) | (68.607) | – | (68.607) |
| **2026 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)** | **916.541** | **1.142** | **(42.185)** | **4.474.739** | **7.184.205** | **12.534.442** | **(71.409)** | **12.463.033** |

Басқарма төрағасының орынбасары — *Д.А. Арысова*

Бас бухгалтер — *А.С. Есбергенова*

*Есеп саясаты және 9-39 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады*

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген)

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі - Компания, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ немесе Бас компания) 2002 жылғы 27 ақпанда ҚР Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және ҚР Үкіметінің (бұдан әрі - Үкімет) 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» мен «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдардың бірігуі нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде бұл компаниялардың барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде олардың барлық кәсіпорындарға қатысу үлестерін қоса алғанда, Компанияға берілді. 2004 жылдың наурызында ҚР-дың заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамы болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қоры» акционерлік қоғамымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамын (бұдан әрі – Самұрық-Қазына) құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады.

2015 жылғы 7 тамызда ҚР Ұлттық Банкі Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 9,58% және бір акциясын сатып алды. 2022 жылғы 8 желтоқсаннан бастап Компания акцияларының 3,00% Astana International Exchange (бұдан әрі – AIX) және Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі – KASE) қор биржаларында еркін айналымда болады. 2023 жылғы 22 желтоқсанда «Самұрық-Қазына»-ға тиесілі Компания акцияларының 20,00% Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің пайдасына берілді.

2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның 39 компанияда бақылау үлесі бар (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 38 компания), 23 компанияны бірлесіп бақылайды (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 23 компания) және 3 компанияның қызметіне айтарлықтай ықпал етеді (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 3 компания) (бірге – «Топ»).

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: ҚР, Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8-үй.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- Мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- Келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- Барлау, әзірлеу, өндіру, мұнай операцияларын жүргізу қызметтері, қайта өңдеу, мұнай химия, көмірсутектерін тасымалдау және өткізу, мұнай құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану.

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның қаржылық есептілігі, ол бақылап отырған еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі және бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың қызметі нәтижесіндегі Компанияның үлесі кіреді.

Топтың осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығаруға Басқарма төрағасының орынбасары және Бас бухгалтер 2026 жылғы 12 тамызда бекітті.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2026 жылғы 30 маусымдағы аяқталған алты ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес шығарған 34 *«Аралық қаржылық есептілік»* Халықаралық бухгалтерлік есеп стандартына (IAS) сәйкес дайындалды.

Топ осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындады. Топ басшылығы бұл жорамалға қатысты елеулі күмән тудыруы мүмкін айтарлықтай белгісіздіктер жоқ деп есептейді. Басшылықтың пайымдауынша, Топтың таяу болашақта және есепті кезең аяқталған күннен кейін кем дегенде 12 ай ішінде операциялық қызметті жалғастыру үшін жеткілікті ресурстары бар деп негізді түрде күтуге болады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін талап етілетін барлық ақпарат пен ашып көрсетулер кірмейді және 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

### Шетел валютасын қайта есептеу

*Функционалдық валюта және ұсынылатын валюта*

Топтың осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі – функционалдық валюта). Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның функционалдық және ұсынылатын валютасы болып табылатын Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – теңге) ұсынылған.

Шетел валютасындағы операциялар операцияны жүзеге асыру күніне валюта бағамдарын пайдалана отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Осындай операциялар бойынша есеп айырысулар нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмадан және есепті күндегі бағамдармен шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түсетін кірістер мен залалдар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар, Топтың шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе залал құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе залал құрамынан шығуы сәтіне жинақталған соманы қайта жіктей отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға тән салық төлемдері мен несиелер басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

*Топқа кіретін компаниялар*

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан өзге болатын Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының нәтижелері мен қаржылық жағдайы ұсынылатын валютада келесідей қайта есептеледі:

- Қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- Жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- Барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

*Валюталарды айырбастау бағамдары*

Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») белгіленген валюта айырбастаудың орташа өлшенген бағамдары ҚР-да валюта айырбастаудың ресми бағамдары ретінде пайдаланылады. ҚҚБ–ның 2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы айырбас бағамы тиісінше Америка Құрама Штаттарының 1 доллары (бұдан әрі-АҚШ доллары) үшін 480,72 және 505,53 теңгені құрады. Бұл курстар 2026 жылдың 30 маусымдағы және 2025 жылдың 31 желтоқсанында АҚШ долларымен көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды. 2026 жылғы 30 маусымдағы аяқталған алты айдың орташа алынған бағамы 1 АҚШ доллары үшін 486,20 теңгені құрады (2025 жылғы 30 маусымдағы аяқталған алты ай үшін: 1 АҚШ доллары үшін 512,05 теңге). ҚҚБ-ның 2026 жылғы 12 тамыздағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 465,19 теңгені құрады. 2026 жылдың 30 маусымдағы аяқталған алты айда Топ теңгеге қатысты шетел валюталары бағамының тұрақсыздығына байланысты 79.169 миллион теңге мөлшерінде теріс бағамдық айырма, нетто қалыптастырды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

**Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу принциптеріндегі өзгерістер**

***Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге түсініктемелер мен түзетулер***

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін жаңа стандарттар мен интерпретацияларды енгізу Топқа айтарлықтай әсер етпейді.

## 4. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ

| | 30 маусымда аяқталған үш ай үшін | | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін | |
|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | **2026 жыл (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жыл (аудит жүргізілмеген) | **2026 жыл (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жыл (аудит жүргізілмеген) |
| **Өнім және қызмет типі** | | | | |
| Шикі мұнай мен газды сату | **1.605.443** | 1.125.537 | **2.977.833** | 2.375.124 |
| Мұнай өнімдерін сату | **1.146.815** | 875.201 | **1.994.849** | 1.630.803 |
| Мұнайды тасымалдау қызметтері | **128.504** | 63.256 | **202.196** | 120.412 |
| Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері | **67.595** | 60.300 | **135.479** | 125.193 |
| Басқа да кірістер | **138.481** | 134.949 | **257.397** | 248.962 |
| | **3.086.838** | 2.259.243 | **5.567.754** | 4.500.494 |
| **Географиялық өңірлер** | | | | |
| БАӘ (Біріккен Араб Әмірліктері) | **1.156.186** | 564.243 | **1.676.369** | 1.135.446 |
| Қазақстан | **596.776** | 503.263 | **1.101.768** | 934.740 |
| Румыния | **529.803** | 352.391 | **909.604** | 643.824 |
| Швейцария | **246.290** | 362.575 | **544.347** | 814.428 |
| Германия | **151.924** | 143.360 | **401.085** | 294.953 |
| Нидерланд | **17.609** | 135.687 | **264.964** | 344.999 |
| Басқа елдер | **388.250** | 197.724 | **669.617** | 332.104 |
| | **3.086.838** | 2.259.243 | **5.567.754** | 4.500.494 |
| **Түсімді тану уақыты** | | | | |
| Белгілі бір уақыт сәтінде | **3.013.944** | 2.182.746 | **5.429.581** | 4.366.995 |
| Кезең ішінде | **72.894** | 76.497 | **138.173** | 133.499 |
| | **3.086.838** | 2.259.243 | **5.567.754** | 4.500.494 |

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топтың шикі мұнайды, газды және мұнай өнімдерін сатудан түскен түсіміндегі негізгі клиенттердің үлесі үш сатып алушыға тиесілі болып, тиісінше 25%, 7% және 5% құрады (2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: екі сатып алушыға тиісінше 25% және 14%).

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАДАҒЫ ҮЛЕСІ, НЕТТО

| | 30 маусымда аяқталған үш ай үшін | | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін | |
|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | **2026 жыл (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жыл (аудит жүргізілмеген) | **2026 жыл (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жыл (аудит жүргізілмеген) |
| **Бірлескен кәсіпорындар** | | | | |
| «Теңізшевройл» ЖШС | **262.708** | 69.094 | **369.250** | 160.192 |
| Mangistau Investment B.V. Group (ММГ) | **16.022** | 15.350 | **40.684** | 35.220 |
| «КС Energy Group» ЖШС | **13.623** | 20.102 | **28.312** | 35.002 |
